

Ұлт жанашыры

2022 жылғы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында абонемент бөлімінде Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына және оның әдеби шығармашылығына арналған «Ұлт жанашыры» тақырыбында кітап көрме ұйымдастырылды. Бұл кітап көрме жылда өтетін «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында ұйымдастырылып отыр. Қазақстанда «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы 2007 жылдан бері өткізіліп келеді. Акцияның мақсаты – халық әдебиетін насихаттау, тарихи, мәдени және рухани мұраны сақтау, жастарға адамгершілік-патриоттық тәрбие беру, ана

тілін құрметтеу. 2022 жылы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы ЮНЕСКО-ның еске алынатын күндер күнтізбесіне енді. Ахмет Байтұрсынұлы (1872-1937) – қазақ ақыны, мемлекет қайраткері, әдебиеттанушы ғалым, ұстаз, аудармашы, ағартушы, публицист, ұлттық жазудың реформаторы, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы, Алаш Орда партиясының мүшесі. Шығармашылық жолын еңбекқор халықтың арман-мұңын, мұқтажын бейнелейтін өлеңдер



жазудан бастады. Ақын жұртшылықты кітап оқуға, білім алуға, рухани дамуға, имандылыққа, мәдениеттілікке шақырды. Кітапхана оқырмандары арасында Ахмет Байтұрсынұлының шығармалары кеңінен насихатталады. Ақын мұрасы әлемдік мәдениеттің бір бөлігі болып табылады және ол бүкіл адамзатқа қолжетімді болуы керек. Кітап көрмеге кітапхана қорынан Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылық қызметі және әр жылдары жазған шығармалары туралы материалдар: «Ақ жол» (1991), «Тіл тағлымы» (1992), «Жоқтау» (1993), «Жан сөзімді кім түсінер» (1994), «Жаңа низам» (1996), «Қырық мысал» (2001 ж.), «Маса» (2005), «Бес томдық шығармалар жинағы» (2002), «Шығармалары» (2013) және басқа да шығармалары қойылды.

Сіздерді кітап көрмесіне шақырамыз!